



«КЕЛІСІЛДІ»
«Атырау облыстық балалар
ауруханасы» ШЖҚ КМК
директоры:
Айтмухамбетов Н.А.

«Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің нәтижелері бойынша ішкі талдау

Атырау облыстық балалар ауруханасы директорының 05052023 жылғы № 373/1-Н «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт:

- **нормативтік-құқықтық құжаттар:** Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру.

- **Ішкі талдау объектісі:** «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК-нің кадр бөлімі.

Ішкі талдау мына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізудің ақпарат көздері бойынша жүргізілді.

1) бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер;

2) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар.

1. Кәсіпорынның кадр бөлімінің жұмысына қатысты нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Кадрларды қабылдау/ ауыстырудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Дипломдардың түпнұсқалығын тексеру.

4. Маман сертификаттардың және жеке тұлғаның медициналық қызметпен айналысуына рұқсат беретін құжаттардың бар/жоқтығын анықтау.

5. Қызметкерлердің еңбек өтілін тексеру.

6. Еңбек демалысының кесте бойынша берілуін тексеру.

«Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК-нің кадр бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Кадрлардың тұрақтамауы:

Кадрлардың тұрақтамауы 0 %-ды құрайды., теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлер – жоқ

Дипломдардың түпнұсқаулығын тексеру:

Жоғары медициналық білімі бар мамандар (дәрігерлер)

Жоғары санатты – 19

Бірінші санатты – 9

Екінші санатты – 14

Барлығы дәрігерлер – 66, санаты 63 - %

Орта білімі бар мамандар (мейірбикелер)

Жоғары санатты – 37

Бірінші санатты – 7

Екінші санатты – 14

Барлық мейірбикелер – 190, санаттылығы – 36 %,

2020 жылы дипломдарды верфикациялау барысында медицина қызметкерлерінің барлық дипломдары верификациядан өтті. Аурухананың барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Бұрын жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының талаптарына сәйкес, сұранысқа ие мамандықтар бөлінісінде ағымдағы бос орындарды және жұмыс орындарын болжамды құру туралы деректерді еңбек нарығының бірінғай ақпараттық базасына, оның ішінде «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық портал арқылы, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкелетті органға ақпарат беріліп отырылады.

Анықталған кемшіліктер:

1. Қызметкерлердің еңбек өтілін тексеру барысында 3-дәрігер, 2-мейіргердің еңбек өтілінде кемшілік кету фактісі орын алды.

Кәсіпорынның кадр бөлімінің жұмысына қатысты нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Аталған бөлімнің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде дискрециялық өкілеттіктер және нормативтік-құқықтық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта атқарылған жұмыстар:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау, сыбайластық жемқорлық туралы заңнама талаптарын толықтай түсіндіру, медициналық қызметкердің кәсіби этикасын мүлтіксіз сақтау мақсатында жоспарлы іс-шараларымен қоса АОБА қызметкерлерімен жүйелі түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады.

АОБА ғимараттарында азаматтардың арыздарымен өтініштеріне арналған жәшік орнатылып, сенім телефоны қызмет атқарады, сонымен қатар АОБА ресми сайты жұмыс жасайды.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Атырау облыстық балалар ауруханасының кадр бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынды.

Бөлім басшысы:

Муханбеткалиева А.Т.

Кәсіподақ комитетінің төрағасы

Кадыргалиев Б.Б.

КДБ меңгерушісі

Дабысов Е.Ж.

Заңгер

Муслимов Ш.Т.

Комплаенс қызметкері

Абишева А.Т.

